

УДК: 378:016:811.512.122:304.4

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ОТБАСЫН ҚҰРУ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ МЕН ҚОЛДАНЫЛУ ОРЫНЫ

Н.Б.Абдрахынова

Сулейман Демирел атындағы университеттің магистранты

Резюме

Статья обоснована обучению казахскому языку и пробуждения интереса иностранных и русскоязычных граждан Казахстана, путем поощрения ценностей казахского народа. В народе есть множество немало важных традиций касающихся сватовства и женитьбы. Каждая традиция имеет свой смысл и обозначение, как *құда түсу* (сватовство), *отау көтеру* (женитьба). В данной статье главной целью является - раскрыть и более раскладно объяснить таких обычаев.

Summary

The article is devoted to teaching to Kazakh language and awakening interest of foreign and Russian language speaking citizens of Kazakhstan through encouraging the Kazakhstan people's values. There is a lot of important traditions concerning wedding and match making in our country. Each tradition has its own sense and meaning as "құда түсу" (match making), "отау көтеру" (wedding). The aim of this article is to reveal and explain in detail such traditions.

Ключевые слова: обычай, традиция, сватовство

Key words: custom, tradition, match making

Аңдатпа. Мақала – шетел және орыс тілді азаматтарға қазақ тілін үйретуде халқымыздың отбасын құру салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары жайлы тереңірек түсінік бере отырып, құндылықтарымызды насихаттау арқылы тілімізді, ділімізді үйренуге қызығушылықтарын ояту. Халқымызда құда түсу, келін түсіру салты өте маңызды саналып, асқан жауапкершілікпен атқарылады. Үй болу, шаңырақ көтеруге байланысты ырымдар мен жасалатын кәделердің өз орны бар.

Ұл бала ер жетіп, қыз бала бойжеткен шақта әрбір ата-ана «ұлын ұяға, қызын қияға қондыруды» ниет етеді. Қадым замандарда қазақ қыз баланы 13-14 жасында, ұл баланы 14-15 жасында үйлендіретін болған. Жастарды неғұрлым ерте үйлендірсе, жағымсыз қылықтардан аулақ болып, ұрпағы көп, дені сау, мықты болып қалыптасады деген түсінік - бұл ғұрыптың негізгі себебі. Дегенмен, біздің мақсатымыз – шетел азаматтарына қазақ тілін үйретуде халқымыздың үйлену салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары жайлы тереңірек түсінік бере отырып, құндылықтарымызды насихаттау арқылы

тілімізді, ділімізді үйренуге қызығушылықтарын ояту және бүгінгі шалаланған қазақ жастарына төл мәдениетімізді ұлықтау еді.

Данышпан халқымыз "Үйлену оңай, үй болу қиын" дейді. Үйленіп, үй болу адам өмірінің ұмытылмас, әрі ең жауапты кезеңі. Жалпы, ұлтымыз ырымшыл, думаншыл-сауықшыл халықтың бірі саналатындығы белгілі. Және ғасырлар бойы желісін үзбей келе жатқан өзіндік салт-дәстүрлер бар, яғни, ата-бабаларымыз екі жасты үйлендірмес бұрын алдымен мынадай шарт қояды:

Біріншіден, жігіт қалыңдықты туыстық араға жеті ата салып іздестіруі керек. Қаны жақын туыс адамдар үйленсе, біріншіден, олардан ақыл-есі дұрыс бала тумайды, туа қалғанның өзінде өмір жасы қысқа болып, саны бір-екіден аспайды.

Екіншіден, ағайын, туысқан арасында әдепсіз, жағымсыз қылықтар етек алып, ынтымақ, бірлік бұзылады. Ал туыстық араға жеті ата толған соң ежелден жегжат екі ел сүйек жаңғыртып, қайтадан құда болысады. Осы салт арқылы ел бірлігі сақталады. «*Күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық*» деген нақыл сөз осы дәстүрге байланысты қалыптасқан.

Халқымызда *құда түсу, келін түсіру* салты өте маңызды саналып, асқан жауапкершілікпен атқарылады.

Үй болу, шаңырақ көтеруге байланысты т.б әдет-ғұрыптар: атастыру, қыз айттыру, қыз көру, қызкөрсетер, жаушы жіберу, шеге шапан, құда түсу, бата аяқ, арқан керу, құда тартар, қалың мал, балдыз қалың, киім тігу, құйрық-бауыр, өлі-тірі, қынаменде, қызкөтерер, қызқұшақтар, қызойнақ, қыз танысу, сыңсу, қыз ұзату, жар-жар, түйемұрындық, жасау, қыз көші, шаңырақ түйе, неке қияр, аушадияр, келін түсіру, беташар, жолдық, бие қысырамас, күйеуаяқ, құттық, отау көтеру, атбайлар, үй көрсету, есік ашар, өңір салу, ілу;

Ата-ана өздерінің ұлын үйлендіру қамын әрқашан ойластырып жүретін. Болашақ келінді бала кезінен іздестіре бастайтын. Тіпті балалар дүниеге келмей жатып-ақ *атастыру рәсімі* болатын. Құдаларды өнегелі, құрметті, текті жерден іздестіретін. Құда түсудің салт-дәстүрлері бойынша арнайы рәсім өткізілетін. Қазақтарда жеті атаға толмаған туыстар арасында неке киюға қатаң тыйым салынатын. Дегенмен, қазақ халқында жастарды үйлендіруде жасалатын жоралғылар бөлек.

Отбасын құруда бірінші - "қыз айттыру" ғұрпы жасалады.

Қыз айттыру - әр ата-ана өз ұлының болашақ қалыңдығын ерте ойластырады, өзінің теңін іздейді. «Анасын көріп қызын ал» деген қағиданы қатаң ұстайды. Лайықты деген адамдарына әдейі барып балаларының

болашағы туралы әңгіме қозғайды, өздерінің құда болу ниетін білдіреді. Мұны «қыз айттыру» дейді.

Қыз көру-өнерпаздардың, ауқатты кісілердің балаларының өздеріне лайық жарды ел ішінен қыздардың бірін таңдау салты. Ел арасында **қыз таңдау** деп те аталады. Халықтық ортада көбінесе бала дүниеге келмей тұрғанда өзара сөз байласып, не бесікте жатқаннан-ақ құда атанып қоятын дәстүр болғаны белгілі. Дегенмен, ертеректе кедей, жұпынылау отбасы балаларынан көрі бай-бақуатты адамдардың балаларының жар таңдауға мүмкіндігі болған. Осы дәстүрмен сабақтас **Қызкөрсетер** дәстүрі бар.

Қызкөрсетер-қалыңдығын көруге ең алғашқы рет келген күйеуден қалыңдық жеңгелерінің алатын жолы. Қызкөрсетер кәдесіне бір ірі қара, шамасы жеткендер екі ірі қара береді. Қызкөрсетер кәдесі жасалғаннан кейін жігіттің ұрын келіп тұруына рұқсат етіледі.

Осыдан кейін болатын - кейбір жерлерде "**жаушы жіберу**" деп аталатын ертеден келе жатқан дәстүр бар. **Жаушы** - дәстүрлі неке ғұрпында құдандалыққа жүретін дәнекер адам. Жігіт жақ қыз келісімін алу мақсатында алдын ала жаушы жібереді. Негізінен жаушы ретінде өз ортасында сыйлы, халықтың салт-дәстүрін, жол-жораны жақсы білетін адам жіберіледі. Оған бойжеткенге құда түсу жайлы жігіт әкесінің ойын айтып, қыз жақты көндіріп, құдаласу уақытын анықтап қайту жүктеледі. Жаушы аттанған кезде шалбарының бір балағын етігінің сыртына жіберіп, екінші балағын етіктің қонышына салып киеді. Бұл ырым *жоғымды іздеп жүрген жартымын, жартысын осы ауылдан тауып отырмын, біздің жарты сіздің жартымен бірігіп бір бүтін болсын* дегенді білдіреді. Қыз әкесі құдандалыққа келіссе, негізгі шарттарды талқылау үшін бас құдалардың келуіне қатысты ұсыныстарын білдіреді. Осылайша екі жақ қазақ халқының салт-дәстүрін біріге орындайды. Тумысынан қонақжай қазақ жаушы келген кезде, қонақжайлық танытып, дастарқанын жайып, қарсы алады. Мал сойылып, табақ тартылады. Қыз бен ата-анасы қарсы болмаса, жаушының өтінішін қабыл алып, екі жақ құда болысады. "Құдалық берік болсын!" деп, жаушыға кәдесін жасап, шапан жауып, ризашылығын білдіреді.

Шеге шапан. Құда болуға баталасқан екі жақ келіскеннен кейін бір-біріне сый-сияпат ұсынады. Жігіт жағы «қарғы бау» ұсынғаннан кейін жаушыға «шеге шапан» жабады. Бұл уәде пісті деген сөз. «Жаушы» жіберген жақ жігіт ауылы келе жатқан өз «жаушыларының» үстіндегі яғни «шеге шапанын» көріп, оларды шашу шашып қарсы алады.

Осыдан кейін, жігіт жағы "құда түсуге", ал қыз жағы "қыз ұзатуға" дайындық жасайды. "Құда түсу" дәстүрінің уақыты осы кезде белгіленеді.

Құда түсу - халқымыздың ертеден және қазір де жалғасып келе жатқан жақсы әрі жарасты дәстүрлердің бірі. Құдалар құрметке лайық сыйлы адам деп саналады. Қыз әкесі келісім берген соң құдалықтың жөн-жоралғылары жасалады. Оның түрі өте көп, мысалы: құда аттанар, құда тарту, ат байлар, құйрық-бауыр тағы басқа ырымдары мен кәде алымдары болады. Құдалықты басқарып барған адам "бас құда" деп аталады. Тұрмыс құратын жігіт пен қалыңдықтың әкелері бір-біріне "бауыздау құда" деп аталады. Құда түсу - қазақтың мәртебелі әрі жарасты салт-дәстүрлерінің бірі. Онда түрлі ойын-сауық, әзіл-қалжындар айтылады.

Құдалықтың да бірнеше түрі бар. Мәселен, екі кісінің достықтары артып, туыс болғысы келсе, балалы болмай жатып, құда болысады. Бұл құдалықтың түрі - *бел құда* немесе *ежегабыл құда* деп аталады. Құдалықтың тағы бір түрі - *"бесік құда"*. Екі нәрестені бесікте жатқан кезінен айттырып қояды. Бесікте жатқан қызға сырға салу дәстүрі қалыптасқан. Қыз бойжеткенде, ұл жағы аттастырып қойған қызға құда түсіп келеді. Бұндай құдалықтың бір түрі - қыз бойжеткенде ұл жақ сырға тағып, құда түседі. Оны, әрине қыз бен жігіттің келісімімен жасайды.

Бата аяқ. Ұлдың атасы «Бата аяқ» деп бір түйе, бір жылқы жібереді. Құда болған кісі екі жақтың келісімінен кейін жігіт әкесі қыз ауылына келіп «*бата аяқ*» өткізеді. Кейде мұны «*сырға тағар*» деп те атайды. Осы жолы екі жақ тойды өткізу мерзімі, кәде-жора қалың мал жөнінде келіседі. Мұны бата, келісуді «*баталасу*» дейді. Батаның екі түрі бар:

1. Келісімді бата жасау, мал мөлшері, той уақыты, шығын мөлшері: алас-беріс, келу-кету т.б.
2. Кесімсіз бата- мал саны, мүлік мөлшері кесілмейді. Жағдайға, уақытқа қарай кейін белгіленеді.

Ауқатты, елге есімі белгілі адамдар құдалығында бас жақсы, орта жақсы, аяқ жақсы деген ірі бағалы кәделер болады. Бас жақсыға – боталы түйе, құлынды бие, жағалы киім, бағалы бұйым, алтын, күміс, жамбылар жатады. Орта жақсыға – ең жақсы түйе не ат. Аяқ жақсыға ат, сиыр, қой т.б. жатады.

Белгіленген күнге дайындалған құдалар, жігіт әкесі сенімді бір туысын бас құда қылып, немесе өзі болып, бастап барады. Құда келгенде жасалар кәденің басты түрі-арқан керу.

Арқан керу- Ауыл өмірінде ертеден келе жатқан ежелгі дәстүр. Оның екі түрі бар. 1) Құда келгенде немесе келін түскенде олардың алдынан арқан керіп, әйелдер кәдесін алады. Кәденің түп төркіні, жаңа құдалар мен жас келіннің жолы ашық әрі пәле-жаладан, түрлі кедергілерден аман болсын деген таза ақ көңіл, ақ ниеттен шыққан. Қазақта «арқан аттама», «арқан ұрлама», «есіліп жатқан арқан астынан өтпе» деген тыйымдар әдептілік пен тәлім-тәрбиенің тәртіптің жолын білдіреді. 2) Малды ауылдың мал қотанының сыртынан арқан керіп қоятын ырымы болған. Халық ұғымында қыл арқанның киесі бар, оны ит-құс аттап өте алмайды деп сенген. Сапарда далаға қонған адамдар да жатар жерін қыл арқан немесе шылбырмен қоршап жатса қоршаудан жылан, шаян, бүйі, қаракұрт өтіп келмейді деген ұғым бар.

Құда тартар - «құдаларын құдайындай сыйлай» отырып, «құда тартар» атты кәделі дәстүрден аттап өтпейді. Бұл ойын-күлкіге, сайысқа, сынға құралған салт. Мұнда құда тартар кәдесін сұрай келген әйелдер бастаған топ құдаларға лап қояды да, оларды көкпар тартқандай тарта жөнеледі. Әрине, бұған қарулы жігіттер мен жас әйелдер араласады. Олар құдаларды теріс қарап өгізге мінгізеді, «кірлеп кетіпті ғой» деп өзенге де апарып сүңгітеді, аяғын жоғары қаратып үйдің шаңырағына да асып қояды. Не керек жұрт күлетін қиын да, кейде ерсі қимылдарға барады. Бұған құдалар ашуланбайды. Қолынан келсе олар да құдағи жағына күш көрсетіп, оларды қоса құшақтай кетеді. Мұның өзі жұрттың көңілін көтеретін ойын-сауыққа ұласып кетеді. Құда түсудің ресми бөлігі аяқталғаннан кейін жігіт жағы қыздың қалыңмалын төлейтін. Қалыңмал әдетте мал басымен есептелетін. Оның мөлшері құда түсушілердің қаншалықты бай, ауқатты екендіктеріне қарай белгіленетін. Қалыңмалдың мөлшері 5 жылқыдан 1000 жылқыға дейін жететін.

Қалың мал - қазақтың бұрыннан келе атқан салты. Құда түсу рәсімі келісілген соң дала заңы бойынша күйеу жағы «қалың мал» төлеуге тиіс. Бұл қазақ, қазақ болғалы бұлжымаған ежелгі дәстүр. Оның мөлшері құдалардың дәрежесі мен дәулетіне байланысты екі жақ келісе отырып шешеді. Негізінен қыз алатын яғни Қалың беретін жақты қинамайды. Жігіт жақ қалың берсе, қыз жақ *киіт кидіретін* болған және *қыз жасауын* береді (*Қыз жасауы туралы төменіректе айтылады*). Осылайша екі жастың отауын тігіп, шаңырағына керекті заттарды толықтап беретін болған. Қазақта: "теңін тапса тегін бер" - деген осыдан шықса керек. Десе де "қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды" - деп ата салттан аттамауды да дәріптеп отырған. Мұнда қалың малға сүт ақы да кіреді.

Үйлену тойы кезінде құдалар бір-біріне *киім* кигізетін болған. Ол түрлі қымбат бағалы киімдерден, мата кездемелерден, мал басынан тұратын. Құдалар жағы бір-бірімен *қоржын алмасып*, өзара сыйлық жасасатын.

Қазақ халқы «құда –мың жылдық» деп әспеттеп, құдаларын ерекше құрметтеген. Ал құдалықтың негізгі белгісі – *киім кидіру*. «Екі бай құда болса - арасында жорға жүреді, екі кедей құда болса – арасында дорба жүреді» деген сөз бұрын айтылса да, бүгінгі күні маңызын жоймаған сияқты. Құдасына киім кигізуді «үлкен құрмет» деп есептейтін әрбір қазақ құдалыққа барын салып дайындалады.

Сүт ақы-қыздың анасына тартылатын сыйлық. Қыз анасы батасын береді.

Балдыз қалың-кейде қалыңдық қайтыс болатын жайлар кездеседі. Мұндайда қалыңмалын төлеген болса, онда сол үйдің екінші қызын алуға құқы бар. Егер жігіт қалыңдығына ұрын барып, ол үйдің басқа қызы болмаса, төлеген малдың жартысы қайтарылады. Егер бұрынғы қалыңдығына ұрын барған күйеу енді балдызын алатын болса, онда бұрынғының үстіне «балдық қалың» төлеуге тиіс. Оған түйе бастатқан бір тоғыз қосылады. Күйеу бұрынғы қалыңдығына ұрын келмеген болса, «балдыз қалың» төленбейді.

Киім тігу– қазақ салты бойынша құда-құдағилар барған түні ұйықтамауы керек. «Жақсы тамақ қалғанша, жаман қарын жарылсын» деп құдалардың бергенін жей беру керек. Бірақ бұл түні құда болып барған адамдар ұйықтауға болмайды. Егер ұйықтап кетсе, киімін құдалардың бірі тігіп тастап, айып төлеттіреді. Сол үшін ішіп-жеуге де, ұйқыға да, өлең айтысуға да шыдауы керек.

Қыз ұзатып, келін түсіретін әр шаңырақта «*Құйрық бауыр*» *асату салты* жасалады. *Құйрық-бауыр* құдалықтың басты зандарының бірі. Оны әр жерде әр кезде беріледі. Мысалы: құдалар келген де немесе кетерге қарай. Бұл салт тек қазақ еліне тән ұлтық салт-дәстүр. «*Құйрық-бауыр жедің бе, құда болдым дедің бе*» деген мәтел осыдан қалған... Бұл құдалық дәстүр рәсімі болғанмен орны бөлек жай. Жаңадан келіп жатқан құдаларға ұсынылатын атында айтып тұрғандай *құйрық пен бауырдан* жасалынған тағам. Бір тілім бауыр, бір тілім құйрықтан қойып, айранға шылап «*бауырдай жақын, құйрықтай тәтті болыңдар*»деп тілек айтып бас құдадан бастап асатады. Құдалыққа келген барлық қонақтар ауыз тиеді. *Құйрық-бауырды* салып әкелген ыдысты бос қайтармай, ырым салып қайтарады.

Өлтірі - екі жақ келісімі нығайған соң күйеу жағынан құдалардың бір білікті адамы бас етіп «өлітірі», яғни кәделі мал – жылқы жіберіледі. «Өлітірі» - өлі мен тірі арасында адалмыз, құдай қосқан құдалығымыз ақиқат деген ұлттық ұлағатты ұғымды білдіреді. Бұл – үлкен кәделі әрі маңызы үлкен жол-жоралғы, құдалық бекіді деген сөз. «Өлітірі» өткен соң, өлген күйеу жатпайды» деп, бұдан кейін қалыңдығына «ұрын» баруына жол ашылады.

Қынаменде (Ұрын келу)- ұлттық ғұрыптарымызда салтанатты да көңілді кештің бірі. Құда түсіп, уәде пісіп, қалыңмал төленген соң, күйеудің атастырған қалыңдығын алғаш рет көруге келген тойы «қынаменде» деп аталады. «Шығыс халықтарында «қынаменде» кеші қыз абыройының тазалығын білдіру үшін қалыңдықпен болған күннің ертеңінде де өткізіледі. Ән, күй, би қатар жүргізілгендіктен «қынаменде» жас жұбайлардың шаттық кешіне, жастардың махаббат мұратына жетуіне айналған. Бұл да – дәстүрге бай еліміздің тәрбиелік ережесінің бір саласы. Күйеудің бұл жолы әр жерде әртүрлі аталатынын да айта кеткен жөн. Мұны кей жер «қалыңдық ойнау» дейді, кей жерде «ұрын келу» дейді. Қазақ үшін әсіресе жеңгелер мен жасатр үшін бұл өзінше бір той десе де болады. Болашақ күйеу қыз ауылына «көрінбеген» болып, бір қараңғы түсе салтанатпен, жолдас-жораларымен келеді. Мұны «есік көру» көбінесе «ұрын келу» деп айтады. Күйеу осы жолы өзінің болашақ жарын көріп танысып-білісіп тілдесіп көңілін демейді.

Келесі жасалар кәде-**Қызкөтерер** кәдесі. **Қызкөтерер**- күйеу жігіттің ұрын барғанда қыз жеңгесіне беретін кәдесі. Қалың малдың келісілген бөлігі берілген соң күйеу жігіт жора-жолдастарымен қалыңдықтың ауылына аттанады. Ауылдың сыртына келіп түскен күйеу жігітті қалыңдықтың жеңгелері қарсы алып, күйеу шатырға әкеледі. Ел жатып, жұрт тынышталған кезде қалыңдықтың жеңгелерінің бірі қалыңдық пен күйеу жігіттің кездесуін ұйымдастырып, дәнекерлік қызметі үшін жеңгейлікке кәдесый алады.

Осы жерде тағы бір айта кетер кәденің бір түрі- **ентікпе кәде**. **Ентікпе кәде**-дәстүрлі неке-құдандалық салтындағы рәсім, күйеу жігіт қалыңдық ойнауға келгенде алдынан жүгіре, ентіге шыққан қыз-келіншектердің «ентігіп жеттім» деп күйеу жігіттен алатын кәдесі.

Қызқұшақтар-күйеу жігіттің ұрын барған кезінде болашақ жарын құшақтатқанда қыз қалыңдықтың жеңгесіне жасалар сый.

Отауға түсу. Түн ортасы ауған кезде күйеу жігіт пен қалыңдық отауда оңаша кездеседі. Мұны «Отауға түсу» деп атайды. Қыз жеңешелері қалыңдық

пен күйеуге арнап төсек дайындайды, көрпе үстіне ақ шүберек (неке жаулық) салады, тілеуін тілеп екі жасты бөлек қалдырады.

Қызойнақ-ұзатылатын қалыңдықтың құрметіне жасалатын ойын-сауық түрі.

Қызтанысу-ұзатылатын қыздың өз әкесінің босағасынан аттанардан бұрын жеңгесін, әпке-сіңлілерін ертіп, туған-туыстарымен, жекжаттарымен қоштасып, аралап шығу салты. Ондағы негізгі мақсат-басқа елге ұзатылып, жат жұрттық болғалы тұрған қызға үлкен болып, жанашыр ретінде ақыл айту. Екі елдің ортасында тұрған қызға «жат елдің адамы ретінде жаңадан танысак келді» деп қараған. Дәстүрлі ортада танысып, амандаса келген қызға туған-туысқандары «жасауыңа қос» деп кілем, мата, шапан сияқты бағалы сыйлықтар сыйлайтын болған.

Сыңсу - қыз ұзату дәстүріне байланысты туған тұрмыс-салт жырларының бірі. Бұл - қыздың ұзатылар алдындағы ел-жұртымен, ағайын-туыс, құрбы-құрдастарымен, туып- өскен жерімен қоштасуы ретінде айтылады. Сыңсуды ұзатылатын қыз тетелес сіңлілері немесе жас жеңгелерімен үй-үйді аралай жүріп белгілі әуенмен айтатын болған. Сыңсу өлеңдерін ақындар немесе қыздардың өздері шығарады. Ұзатылып бара жатқан қыз сыңсу арқылы жұртқа естірте өзінің жат жұртқа аттанып, туып-өскен үйі мен ел-жұртынан жырақтап бара жатқандығына мұңын шағып, қоштаса әндетеді. Сыңсу өлеңдері құрылысына қарай 7, 8,11 буынды болып келеді.

Қыз ұзату – отау тігудегі қыз туыстары алдындағы барлық міндет атқарылып болған соң қалыңдығын алып кетуге күйеу жігіт келеді. Сол кезде екі жасқа арналып ақ отау тігіледі. Ақ отауды тігу үстінде мынандай дәстүрлі рәсімдер жүзеге асырылады:

1. Құдай жолы;
2. Кереге керер;
3. Шаңырақ көтерер;
4. Уық шаншар;
5. Туырлық жабар;
6. Түндік жабар;
7. Үзік жабар;
8. Бау-шу байлар;
9. Отау байғазысы;
10. Мойын ұсынар.

Халқымыздың дәстүрлі қоғамында қыздың *жасауын* берудің де зор маңызы болды. Қазақта ұзатылатын қызға жасау беріледі. Оны алдын ала әзірлейді. Қыз жасауы тоғыз түрлі. Олар мынандай: Ақ отау. Екі үзік, екі туырлық, бір түндік. Көрпе-төсек. Ағаш төсек, құс төсек, көрпе-жастық, төсеніш көрпе, құрақ көрпе, жүкаяқ, сандық, жағлан. Төсеніш. Бірнеше текемет, сырмақ, откиіз, 4-5 алаша, 2-3 кілем. Киім-кешек. Әрқайсысы тоғыздан тон, ішік, көйлек-көншек, шапан, қамзол, бешпент. Ыдыс-аяқ. Қазан-ошак, құман, саба, торсық, шара, шөміш, ожау, қасық, тос-таған, күбі, келі, кебеже, асадал, саптыаяқ, тегене. Қару-жарак. Ер-тұрман, садақ, берік сауыт, қалқан, берен қылыш. Көлік және сауын малы. Әр түлік бойынша бір-бір мал. Сойыс малы. Сойыс малы бір, бір жарым жылға мөлшерлеп беріледі. Құрал-жабдықтар. Балта, шот, балға, ара, егеу, ине, біз, үскі, талыс және т.б. Жасау қыз баланың жас кезінен әзірлене бастайтын. Қыздың жасауына киіз үй, кілем, текемет, сырмақ сияқты бұйымдар, киім-кешек түрлері мен ыдыс-аяқтар, әр түліктен тұратын мал басы және басқалары кіретін болған.

Жар-жар — қазақ халқының тұрмыс-салт жырларының ежелден келе жатқан жанрлық түрінің бірі. Ол қыздың ұзатылатын тойы аяқталып, аттанар алдында орындалады. Күйеу бастаған жігіттер жағы атқа мініп келіп, отау үйдің сыртынан жабықты ашып өлең бастайды. Сәукелесін киіп отаудағы шымылдық ішінде отырған қалыңдықты қоршаған жақын жеңгелері мен бойжеткен құрбылары қыздың атынан жауап өлең айтады. сылай айтыс түрінде орындалатын жауаптасу өлеңінде қыздар жағы оң жақта еркелеген қыз ғұмырдың өтіп бара жатқанына, өмірдің өткіншілігіне өкініш білдіреді. Жат жұртқа барғанда ата-анасы мен туған-туысқандарының, құрбы-құрдастарының орыны толмайтындығын өлеңге қосып, әлі де болса ойнап-күліп жүре тұруға мұрша бермей аттандырып жатқан ата-анасына наразылығын білдіреді. Өз кезегінде жігіттер жағы ерге шығып, бала сүйіп, түгін түтетудің атадан қалған жол екендігін айтып, ол жаққа барғанда қайын жұртының туған-туыстарын жоқтатпайтындығын айтады.

Түйемұрындық(ғұрып)- Ұзатылып жатқан жас келіншек көшінін жолында отырған ауылдың адамдары (жастары, әйелдері) керуен атынын ноқтасынан, не түйесінің бұйдасынан ұстап тұрып сұрайтын кәдесі. Қыз анасы оларға кәдесін жасайды, кәде алған риза болып, бақыт тілеп батасын беріп, жол болсын айтады.

Үйлену тойының әдет-ғұрыптары *неке қию* рәсіміне ұласады.

Неке қияр – қызды ұзатып әкелгеннен кейін жігіт үйінде жасалатын алғашқы салт. Неке қасиетті ұғым, беріктік шарты. Қазақ халқы мұны «ак неке» деп ардақтайды. «Ақ некелі жарым» деп мақтанады. Бас қосқан ер мен әйелдің міндетті түрде некесі қиылады. Ол көпшілік алдында жасалады. Қосылған бірақ некесі қиылмаған адамдарды халық «некесіз» деп сөккен және оларға салқын қараған. Олардың балалары да «некесіз туған» деген жаман атқа қалған. Пәленшеден жаралған (әкесін айтады), пәленшеден туған (шешесін айтады), пәленше қызды (қызды айтады), халал жұптылыққа қабыл көріп алдыңыз ба? Қызға айтқанда да бәрін осы қалыпта айтып, аяғында «пәленше халал жұпты болдыңыз ба?» дейді. Осы сөздерде келтірілгендей жігіт те, қыз да жұпты болғандығын өз аузымен мақұлдайды. Содан кейін екеуі неке суын ішеді. Бұдан кейін олардың некесі қиылып, ерлі зайыпты адамдар болып саналады. Үлкендер жақсы тілек тілеп, қол жайып бата береді. Шарифат бойынша қалыңдық екіқабат болса неке қиылмайды, ол босанғаннан кейін қиылады. Жеті атаға толмаған қыз, жігіт некеге отырғызылмайды. Неке туралы ислам дінінің өз заңы бар. Кейде өзбек, қазақ, қырғыз, татар, башқұрт сияқты түркі халықтары қыз алысып, қыз берісіп жатады. Бәрі де ислам қауымынан болғандықтан мұндай некеге рұқсат етілген. Егер қазақ жігіт орыс қызын алатын болса, ол әйел мұсылман дініне кіріп, тілін, салт дәстүрін толық мойындайтындығы туралы уәде беріп, оны орындауы керек. Некеге сонда ғана рұқсат берілген.

Аластау- Жас отаудың босағасын, бесікті, жаңа қосылғандардың төсек орнын т.б. жаңадан қолданылатын дүние, бұйымдарды отпен аластайтын ғұрып бар. Бұл аталған орындардағы пәле-жала, ауру-сырқат, жын-шайтан, тіл-көз болса кетсін деген наным-сеніммен жасалады. Аластау ғұрпы от тұтатып онымен бесікті, босағаны тағы басқа жерлерді аралата дұғалап, «алас, алас, ауру-сырқаудан алас», «тіл мен көзден алас» деген сияқты тілек сөздермен жасалады. Мұны жөн білетін, ем-домнан да хабары бар ана, әжелер атқарады. Аластау сонымен бірге тазалық пен амандықтың да кепілі ретінде қолданылады.

Үйлену тойы – екі жастың, олардың ата-аналарының өміріндегі қуанышты оқиға, адамдар арасындағы жұбайлық қарым-қатынасқа күдік тудырмау үшін жұртқа жария ету салтанаты. Ол – үйлену арқылы харам болған нәрсені халал етіп, халал болған нәрсені харам етіп берген Аллаһтың нығметін паш ету тойы. Сондай-ақ, бұл үйлену - әйелі күйеуіне, күйеуі әйеліне

халал болғанын, керісінше енесі күйеу баласына, атасы келініне харам болғанын (жұбайлық қарым-қатынаста) білдіреді.

Аушадияр - үйлену тойы кезінде айтылатын дәстүрлі өлең, жыр. Қалыңдыққа жігіт жағының жеңгелері мен үлкендері ақыл-кеңес мәніндегі өлең-жырлар айтады. Көркем шығармашылықпен айтылатын той көркі, салтанат сәні, өнегелі өнер. Аушадияр жырының үлгілерін шетелдегі қазақтар сақтап, бізге жеткізген. Шынын айту керек бұл қазіргі Қазақстан елінде айтылмайды, халық жадынан мүлде шығып кетіп, ұмыт қалған. Аушадияр үйлену тойы үстінде айтылады.

Келін түсіру- Қазақ халқының түсінігінде келін түсіру – әр әулеттің, ата-ананың көптен күткен қуанышы саналады. Дәстүрлі қазақ қоғамында мұндай салтанатқа бүкіл ауыл болып дайындалған. Ауыл әйелдері жасаулы көштің алдынан шығып, шашу шашқан. Көш бастар түйенің бұйдасын ұстап, ауылға жетектеп енген әйелді “мұрындық ана” деп атап, оған арнайы сый берілген. Ауыл адамдары келінмен бірге келген төсек-орнын түсіріп, отау тигуге кіріскен. Шаңырақты көтеру бала-шағалы, үрім-бұтағы өскен, елге беделді салиқалы анаға жүктеледі. Мұнымен жаңа түскен жас келінге “жағың түскенше жамандық көрме, осы абыройлы ананың жолын берсін” деген ырым көзделеді. Аттан түсіп, жеңгесімен бірге келген ауылдан хабар күтіп тұрған келіннің алдынан ауылдың қыз-келіншектері шымылдық алып шығып, шашу шашады. Шымылдықты келіннің бетіне жауып, бет-жүзін үлкендерге көрсетпей, қайын атасының үйіне алып кіргізеді. Келін үлкен шаңырақтың босағасын оң аяғымен аттай кіріп, тізе бүгіп сәлем береді. Үш рет иіліп сәлем берген келінге атасы: “Көп жаса қарағым, бақытты бол!” деп бата береді. Сонан кейін келінді от басына төселген тулаққа отырғызады. Ол – “жаңа түскен жас келіннің мінезі иленген тулақтай (тері) жұмсақ, биязы болсын” деген ырым. Келіннің қолына әйелдердің біреуі ішінде май құйылған ыдысты ұсынып, отқа май құйғызады. “От-Ана, Май-Ана, шапағатыңды жана түскен жас келінге тигізе көр, жарылқа!” дегізеді. Осы рәсім орындалып болған соң, келінді өзіне арнайы тігілген ақ отауға енгізіп, күйеудің шешесі тиын ақша, құрт, ірімшік аралас шашу шашып, бата береді. Оң аяғымен аттап кірген келінді сол жақтағы төсекке құрылған шымылдық ішіне кіргізіп отырғызады. Келінді қарсы алған жас келіншектерге білезік, сақина, жүзік, алқа, түрлі маржан тастар үлестіреді. Қонақтарға табақ тартылғанда, үлкендер жағы келінге арнап үлпершек, төс салып жібереді. Ол “ұл тап, төстей қайқайып жүріп қайын жұртыңа қызмет ет, майдай бат, судай сің” дегенді

білдіреді. Келін сәлем етіп, тағамды қабылдап, өзі ауыз тиіп, жанындағыларға береді. Тамақ ішіліп болған соң, ауыл адамдарына жаңа түскен жас келінді таныстыру, келіннің міндетін түсіндіру мақсатында ел жиылып, “Беташар” жыры айтылады. Беташар айтушы келіннің келген жеріндегі қайын ата, қайын енеден бастап туыстарының үлкен-кішілерін жеке-жеке таныстырып, келінге олардың әрқайсысына иіліп сәлем еткізеді. Жаңа түскен жас келінді ауылдың үлкендеріне таныстырғанда, олар көрімдікке, еншіге мал атайды. Түйеден бастап ешкі-лаққа дейін төрт түлік малды атап шығады. Ондағы мақсат – бүкіл ауыл-аймақ, ағайын-туыс болып, жаңа үйленген жастардың басына үй, алдына мал салып беріп, жас отауды ел қатарлы үй ету. Бұдан әрі беташардың екінші бөлімі “Айт, келін” басталады. Онда жаңа түскен жас келіннің үй шаруашылығындағы міндеті, атқаратын қызметі, отбасы мүшелерімен қарым-қатынасы, мінез-кұлқы, жүріс-тұрысы, үлкендерді, жолдас-жораны, қонақты сыйлауы сөз болады. Әдепті, өнегелі бол, өсек айтпа, үлкендерді сыйла, ерінбей еңбек ет деген сияқты өсиеттер айтылады. Беташар айтқан жігітке ат мінгізіп, шапан жабады. Ол тойдың бар қызық думанына ұйытқы болып, той басшысы (асаба) болып қызмет атқарады. Ал келінді сүйеп тұрған жеңгелерге көйлек, биқасап шапан кигізеді. Беташардан соң бүкіл ауыл жастары түнімен ұлттық ойындар ойнап, бөлек жиналып, әңгіме құрып, шежіре айтысады. Ертеңіне келін түсіру тойы басталады. Мұнда да қыз ұзату тойына ұқсас ат шабыс, аударыспақ, күрес, қыз қуу, теңге алу, көкпар сияқты ұлттық ойындар орындалады. Үйлену тойының ең жауапты кезеңі – қыз бен жігіттің некесін қию. Некені молда оқиды. Той иесі неке оқыған молдаға ақшалай немесе малдай сыйақы береді. Үлкендер отырған үйде ақындар айтысып, жыр-термелер айтылып, жас жұбайларға тағы да тілек тілеседі. Той өткен соң құда мен құдағиларға киіт кигізіп, түйе жетектетіп, ат мінгізіп, құрметпен шығарып салады. Келін түсіру дәстүрі қазіргі заманда да жалғасын тауып, өркениет жетістіктеріне сай дамып келеді.

Жолдық - алғашқы неке түні жігіт пен жас келінді жеке бөлмеге кіргізіп өздеріне төсек салып алаңсыз, жайлы жатуына жағдай жасайтын жеңге. Ол жастарға бақыт тілеумен бірге, әзіл қалжыңын араластыра жұрып, алғашқы төсек лаззатының жөн жосығын, әдет ғұрпын түсіндіреді. ертеңіне келіннің пәктігіне де осы жеңге куәлік береді. мұндай сат әдепті, үлгілі, үлкен кіші бірдей сыилайтын, бала шағалы келіндерге ғана тапсырылады. бұл күн жұптық, некелік өмірдің ұмытылмас сәттерінің бірі. сондықтан бұл түнді

көңілді әрі жәйлі өткізудің орны мүлде бөлек . бұл күтіп, қайнысының жылы төсектен тұрған сәтін күтіп тұрып, « ерініңді жібіттім, қойыныңды жылыттым, енді жолдығымды бер» деп назданады . Жөн білетін қайнысы жеңгесі риза болатындай «жолдығын» беріп, ерлі зайыптының алғашқы таңын күліп қарсы алады.

Бие қысырамас - жаңа түскен келіннің беті ашылғаннан кейін енесі келіп, келіннің бетінен тағы сүйіп, жақсы тілек тілеп, сол жерде отырған әйелдердің ортасына «биелерің қысыр қалмасын» деп ақ мата тастайды. Бұл «бие қысырамас» деген кәде. Әйелдер бұл матаны жыртып, бөліп алып үйлеріндегі сабаның аузына «бием қысыр қалмасын, бісмілла» деп байлайды. Бұл кәде бәріне де жетуі керек. Жетпей қалғандардың өкпелеуге хақы жоқ. Соңғы жылдары халқымыздың мал шаруашылығынан қол үзе бастауына сәйкес бұл ырым ұмытылып бара жатыр.

Күйеуаяқ - жігіт қалыңдығын алғаннан кейін әдеп бойынша қыз туыстарын қошаметпен өз үйіне апарып салады. Ата-енесі күйеу баласына ірі мал атайды. Мұны «күйеуаяқ» дейді.

Құттық- келін түсірген үй құда құдағиларын аттандырған соң ауылдың оң жақта отырған бойжеткендері келіп «құтты болсын» айтып арнайы дәм әкеліп, сый жасайды. Сосын қыздарға лайық тағым, кесе аяқ, көрпе жастық,сақина, сырға сияқты әшекейлі заттар сұрайды. Бұл дәстүр ел ішінде «құттық» деп аталады. Ол «құтты болсын», «құт әкелсін» деген ізгі ойдан туған қазақи ырым, жоралғы. «Құттық» алатындар әдейі алыстан да келеді. Оларға мал, бағалы бұйымдар мен киімдер беріледі. Әрине, бұл дәулетті мырза адамдардың ғана қолынан келетін іс. Сонымен бірге бұл қазақтың салт дәстүрге бай жомарттық, мырзалық қасиеттерінің тағы бір айқын дәлелі екенін көрсетеді.

Отау көтеру - «үйлендің, жұпты болдың» деген мағынаны білдіреді. Демек, үйленумен бірге отау көтеруге тиіс. Әдетте ұлы үйленетін, қызы тұрмысқа шығатын ата-ана алдымен отау дайындайды. Қыз жасауына отау қосыла берілетін. Отау жас отбасының бақыт шаңырағы болып саналатындықтан оны барынша әсемдеп, әдемілеп, толық жабдықтап әзірлеу аз шаруа емес. Оған көрші-көлем, жақын-туыс, нағашы-жиендер тегіс араласады. Кесе-аяқтан бастап үй киізіне дейін әкеледі. Сөйтіп бүкіл ауыл болып отау көтеру әрі қызық, әрі міндетті іс. Отау алғаш тігілгенде оған құрметті әрі елге сыйлы аналар бастайды. Шаңырақты да бақанға ақ мата байлап, ел ағалары көтереді. Отқа май құйылады, «босаға майлау» жасалады.

Алғашқы дастархан жайылып, оған мол тағам жасалады. Кіргендер шашу шашып, «құтты болсын», «іші жанға, сырты малға толсын» деген тілекпен қуанышын білдіреді. Жақын туыстар отауға көрімдік әкеліп, мал атайды, бағалы мүліктер сыйлайды.

Жас отау әке үйінің оң жағына тігіледі. Бұл үйге жасы үлкендер шақырусыз кірмейді. Ал жастар мен балалар қызықтап, осы отауды төңіректейді. Ауылдастар мен жанашырлар жас отау түтінінің түзу шығуын, жаңа үйленгендердің тұрмыс-тіршілігін сырттай бақылап, келінге баға беріп отырады. Жас келін ерте тұрып өз үйінің ғана емес, жанындағы іргелес үйдердің де түндігін ашуы оның әдептілігі мен мәдениеттілігін білдіреді.

Атбайлар. Бұл дәстүрдің екі түрі бар. Біріншісі-*салт*. Бұл ғұрыпта жас отаудың шаңырағы көтерілген соң ағайын туыстары оған шашу шашып, «керегесі кең болсын», «босағасы берік болсын» деген тілек айтады, байғазы береді. Ет жақыны босағаға жылқы байлайды. «Атбайлардың»- екінші түрі ол *кәде*. Құда құдағилар келгенде немесе күйеу қалыңдығын алуға келгенде олардың жеңгелері алдынан шығып түсіріп алып, атын байлайды. Бұл «атбайлар»деп аталатын той салты. Оған арнайы кәде беріледі. Ол кәдеден тағы бір әйел тәбәрік сұрайды.

Үй көрсету- жаңа түскен келінді туыс-туған, көрші-қолан, ағайын жекжаттар үй көрсетуге, яғни есік ашарға шақырады. Мұның мағынасы келін отбасымен танысып, үйге келіп жүрсін деген сөз. Бұл үйге келін құр қол емес, кәде-жорасымен барады. Мұны «ілу» дейді. Бұл мәселені шақырған үйдің дәрежесіне лайықтап, келіннің енесі шешуі керек. Мұнымен бірге келінді шақырған үйлер келіннің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын – яғни әдеп, тәртібін байқап, сынап отыратыны да бар. Мұны болашақ келіндер ескере жүруі керек. Өйткені аталған дәстүр әлі жалғасып келе жатыр.

Есік ашар - күйеу жігіт келіншегін алып, үйлену тойы өткен соң келісілген уақытта өзі қатарлас жас жігіттермен ата-енесінің үйіне келеді. Мұны халық әдебиетінде күйеудің алғаш яғни есік аша келуі дейді. Демек бұл жауапкершілігі мол, бұрын ел-жұрт көрмеген күйеуді сынайтын келіс. Күйеу бұл жолы да кәде жорасымен, әдет-салтымен келеді. Әзілқой жеңгелердің сын-мініне де шыдайды. Ретін тауып жауап та бере алады.

Ойын-тойсыз, әзіл-қалжыңсыз отырмайтын казак ауылы үшін-кіші бір жасап қалады. Отқа шақырумен (кей жерлерде «үй көрсету» немесе «есік ашар» дейді) бірге болып жататын ендігі бір кәде-*өңір салу*. Мұнда ылғи бәйбішелер келеді. Ниеттері-келінге шашу шашып, құтты болсын айту.

Шашудың сыртында өңір әкеледі. Өңір-киім, бұйым деп ең құрығанда терме бау жас төсекті басқалар басынбасын деп бүркіт тұяғы, үкі секілді заттар іледі. Бұлардың бәрі отау үйге қажетті, өңін ашатын нәрселер. Өңір салу-жас шаңыраққа көрсетілген құрмет және жәрдем десе де болады.

Ілу - жаңа түскен келінді барған жерінде «үй көрсету» салтын жасау ілік пен жақынның әр ағайынның міндеті. Мұндайда жас келін шақырған үйге дәстүр бойынша «ілу» салады. Мұның мағынасы көйлектік мата, кілемше, киім-кешек, тағымдар апару деген сөз. Бұған қайын ене басшылық жасайды. Келін үйге сәлем жасап кіргеннен кейін «ілуге» апарған затын босағаға іліп кетеді. Ілу деген сөздің төркіні міне, осындайдан шыққан дейді білетін қариялар. Ілуді қайын жұртына барғанда күйеу де салады.

Үйлену салтының жоғарыда айталған дәстүрлі бітімі негізінен ХХ ғасырдың орта шеніне дейін некен-саяқ сақталып келді. ХХ ғасырдың соңғы ширегіне дейін жастар 20-25 жас аралығында үйленіп тұрмыс құратын болып келсе, соңғы ондаған жылдар ішінде некелесу 28-30 жасқа дейін ұзарып келе жатқаны байқалуда.

Қазақтың құдалық, неке дәстүрін өткен П.Маковецкий, Н.Гродеков, Л.Баллюзек, А.Левшин сияқты орыс зиялылары кең зерттеп, тамсана жазған.

Әдебиеттер

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.
2. «Қазақ Кеңес Энциклопедиясы» 7-том. М.Қаратаев. 1978.
3. «Қазақ сөздігі». Алматы-2013.
4. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі». Энциклопедия. 2-том. Алматы. «Слон», 2012.
5. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері»/ «Традиции и обряды казахского народа», С.Кенжеахметұлы. Алматыкітап-2007.
6. Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Қабылдинов З.Е., Қайыпбаева А.Т.Алматы: Атамұра, 2008.